

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекциялау, экспонаттау және сатып алу жөніндегі қызметке және азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану және сатып алу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 тамыздағы N 692 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 1554 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.06 № 1554 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң , бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекциялау, экспонаттау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары ;

3-1) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары;

4) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары ;

4-1) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

б е к і т і л с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң , бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 32-33, 399-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару және оның патрондары айналымының ережесінде:

2, 10, 11, 12-тараулар, 11 және 12-қосымшалар алынып тасталсын.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Азаматтық пиротехникалық заттарды және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдарды әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, сатуға, сатып алуға, коллекциялауға, экспонаттауға байланысты қызметті лицензиялау жөніндегі біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 787 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 22, 240-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 787 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қаңтардағы N 57 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы , 2004 ж., N 2, 29-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 662 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 27, 341-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 8-тармағы.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 3 т а м ы з д а ғ ы

N 6 9 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның патрондарын, суық қаруды, сондай-ақ газ қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, сатып алу, коллекциялау, экспонаттау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 3 т а м ы з д а ғ ы
N 6 9 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, сатып алу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 3 т а м ы з д а ғ ы
N 6 9 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекциялау, экспонаттау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекциялау, экспонаттау жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары:

1) толық сауалнамалық деректерді (кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағын), қаруды иелену үшін көру қабілетінің бұзылуына, психикалық

ауруларға, алкоголизм немесе нашақорлыққа байланысты қарсы көрсеткіштердің болмауы туралы медициналық қорытындыларды қоса бере отырып, қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің;

2) соттылығының жоқтығы және қаруды қолдануда қауіпсіздік ережелерін бар білуін тексеру туралы анықтаманың бар болуын қамтиды.

2. Қару мен оның патрондарын әзірлеуге байланысты қызметті жүзеге асыру ү ш і н :

1) заңды тұлғаның басшысы мен оның орынбасарының жоғары техникалық білімінің, сондай-ақ тиісті Қауіпсіздік ережелерін білуі;

жеке тұлға үшін – жоғары техникалық білімінің, сондай-ақ тиісті Қауіпсіздік е р е ж е л е р і н б і л у і ;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік ережелерін білуін тексеруден өткен білікті мамандардың;

3) қаруды әзірлеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығы түрінде ғылыми базаның, қарудың негізгі (базалық) модельдеріне және (немесе) патрондардың типтеріне конструкторлық құжаттамалардың;

4) м ы н а л а р д ы :

мамандандырылған өндірістік ғимараттарды (үй-жайларды), жабдықтарды, стенділерді, сынақ өткізу зертханасын, бақылау-өлшеу аппаратурасын;

қару мен оның патрондарын әзірлеу жөніндегі цехтың белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген жұмыс жобасын;

бөлшектерді, құрастыру бөліктерін есепке алу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз ете отырып, оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын негізгі бөліктерді (ұңғыларды, бекітпелерді, барабандарды, жақтауларды, ұңғы қораптарын және т.б.) дайындау жөніндегі механикалық өндіретін және құрастыру цехын (учаскені);

техникалық нығайту жөніндегі талаптарға жауап беретін және өрт-күзет дабылдмасы құралдарымен жабдықталған қару мен патрондардың әзірленген жиынтықтарын сақтауға арналған мамандандырылған үй-жайларды қамтитын қару немесе патрондардың тәжірибеден өткен үлгілерін дайындау және сынау үшін меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік техникалық базаның;

5) қару мен оның патрондарын әзірлеуге жоспарланған тактикалық-техникалық мінездемелердің;

6) қару мен оның патрондарының тәжірибеден өткен модельдерін әзірлеу жөніндегі нұсқаулықтардың, ережелер мен нормативтік-техникалық қ ұ ж а т т а р д ы ң ;

7) қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуінің;

8) үшінші тұлғаларға келтірілетін зиянды өтеу жөніндегі жауапкершілікті

сақтандыру шартының бар болуы қосымша талап етіледі.

3. Қару мен оның патрондарын жасауға байланысты қызметті жүзеге асыру ү ш і н :

1) заңды тұлғаның басшысы мен оның орынбасарының жоғары техникалық білімінің, сондай-ақ тиісті Қауіпсіздік ережелерін білуі; жеке тұлға үшін – жоғары техникалық білімінің, сондай-ақ тиісті Қауіпсіздік е р е ж е л е р і н б і л у і ;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік ережелерін білуін біліктілік тексеруден өткен білікті мамандардың;

3) қару мен оның патрондарын жасау мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық және ғылыми-техникалық құжаттардың жиынтығы тү р і н д е г і ғ ы л ы м и б а з а н ы ң ;

4) м ы н а л а р д ы :

мамандандырылған өндірістік ғимараттарды, көлік құралдарын, жабдықты, стенділерді, сынақ өткізу зертханасын, бақылау-өлшеу аппаратурасын;

қаруды және оның патрондарын жасау жөніндегі цехтың белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген жұмыс жобасын;

бөлшектерді, құрастырылған бөліктерді есепке алу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз ете отырып, оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын негізгі бөліктерді (ұңғыларды, бекітпелерді, барабандарды, жақтауларды, ұңғы қораптарын және т.б.) дайындау жөніндегі механикалық ө н д і р е т і н ц е х т ы (у ч а с к е н і) ;

бөлшектерді, құрастыру бөліктерін есепке алу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз ете отырып, техникалық нығайту жөніндегі талаптарға жауап беретін, өрт-күзет дабылдамасы құралдарымен жабдықталған оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын құрастыру цехын;

техникалық нығайтылу жөніндегі талаптарға жауап беретін және өрт-күзет дабылдамасы құралдарымен жабдықталған оқшауланған жеке үй-жайларда орналастырылатын дайын қару мен патрондарды сақтауға арналған м а м а н д а н д ы р ы л ғ а н қ о й м а л а р д ы ;

өндіріс үдерісінде қару мен оның патрондарының негізгі жарамсыз бөлшектерін сақтауға арналған ақау изоляторын қамтитын меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік техникалық базасының.

Өндірістік базаның аумағына мынадай талаптар қойылады: оқшауландыру, қоршаудың, тәуліктік қарулы күзеттің, техникалық нығайтылудың, өртке қарсы қауіпсіздіктің болуы, қолданыстағы нормативтерде көзделген тұрғын және өндірістік объектілерден қауіпсіз қашықтықта орналастыру;

5) қару мен оның патрондарын жасауға ниеттену туралы хаттаманың немесе қаруды сатып алу және пайдалану құқығы бар субъектімен шарттың (

к е л і с і м - ш а р т т ы ң) ;

б) қару мен оның патрондарын жасауға жоспарланған тактикалық-техникалық сипаттамалардың;

7) жұмысты қауіпсіз жасау жөніндегі нұсқаулықтардың, ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттардың, сондай-ақ материалдарды, жартылай дайындалған өнімдерді (дайындамалар), жинақтаушы бөлшектерді, дайын және ақау бұйымдарды есепке алу, сақтау:

бөлшектерді, құрастыру бөліктерін және дайын бұйымдарды жасау, тасымалдау және сақтау үдерісінде оларды есепке алу;

кірісті және шығысты есепке алу журналын жүргізу (дайындамаларды, бөлшектерді, қосалқы бөлшектерді нөмірлеп есепке алу, сандық есепке алу, сандық немесе өлшеп есепке алу) жөніндегі құжаттардың;

8) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің немесе оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жұмыста пайдалануға рұқсатының, сондай-ақ режимдік іс-шаралардың қамтамасыз етілуінің және олардың жеткіліктілігінің;

9) қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуі;

10) үшінші тұлғаларға келтірілетін зиянды өтеу жөніндегі жауапкершілікті сақтандыру шартының бар болуы қосымша талап етіледі.

4. Қару мен оның патрондарын жөндеуге байланысты қызметті жүзеге асыру ү ш і н :

1) қаруды жөндеу жөніндегі білікті мамандардың;

2) техникалық нығайту жөніндегі талаптарға жауап беретін және өрт-күзет дабылдамасы құралдарымен жабдықталған меншік немесе жалға алу құқығындағы мамандандырылған шеберхананың;

3) арнайы жабдық пен құрылғылардың;

4) жұмысты қауіпсіз жасау жөніндегі нұсқаулықтардың, ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттардың;

5) қаруды қабылдауды және өткізуді есепке алу журналының;

б) қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуінің бар болуы қ о с ы м ш а т а л а п е т і л е д і .

5. Қару мен оның патрондарын сатуға байланысты қызметті жүзеге асыру ү ш і н :

1) техникалық нығайту жөніндегі талаптарға жауап беретін және өрт-күзет дабылдамасы құралдарымен жабдықталған қару мен оның патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған үй-жайлардың;

2) келіп түскен, сатылған қару мен оның патрондарын есепке алу жөніндегі құжаттаманың ;

3) қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуінің бар болуы қосымша талап етіледі.

6. Қару мен оның патрондарын коллекциялауға байланысты қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қару мен оның патрондарының сақталуын, оларды сақтау қауіпсіздігін және оларға бөгде адамдардың жетімділігінің болмауын қамтамасыз ететін жағдайлардың болуы талап етіледі.

Қаруды коллекциялау мынадай тәртіппен:

1) мұражай – күзет дабылдамасымен жабдықталған, жекелеген, осы мақсаттарға арнайы арналған үй-жайлардағы кілтпен жабылатын витриналарда, сейфтерде немесе металл шкафтарда;

2) жеке – қару мен оның патрондары иелерінің тұрғылықты жері бойынша үй-жайлардағы кілтпен жабылатын сейфтерде немесе металл шкафтарда жүзеге асырылуы мүмкін.

Коллекцияланған қару заңнамада белгіленген тәртіпте аумақтық ішкі істер органдарында міндетті түрде тіркелуге тиіс.

7. Қару мен оның патрондарын экспонаттауға байланысты қызметті жүзеге асыру үшін :

1) кілтпен жабылатын витриналары, сейфтері немесе металл шкафтары бар күзет дабылдамасы жабдықталған жеке үй-жайлардың;

2) үй-жайды тәулік бойы күзетудің (күзет қызметтерін көрсетуге арналған шарттың) ;

3) бұйымдарды есепке алу, кезеңдік тексеру және сақтау жөніндегі құжаттамалардың ;

4) қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуінің бар болуы қосымша талап етіледі.

Азаматтық пиротехникалық заттардың қолданылуымен жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, сатып алуға байланысты қызметті лицензиялау жөніндегі лицензиялау ережесіне қосымша

Қазақстан Республикасы ІІМ	Қазақстан Республикасы ІІМ	Қазақстан Республикасы ІІМ
		(Ішкі істер органының атауы)
	(Ішкі істер	

_____ (Ішкі істер органының атауы)

200__ж. "___"_____

N_____ лицензияның түбіртегі

_____ (заңды тұлғаның, филиалдың

_____ өкілдіктің толық атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.

_____ олардың заңды мекен-жайы)

_____ (Т.А.Ә., жеке куәлігінің немесе төлқұжатының сериясы,

_____ нөмірі, кім және қашан берді) _____ дербес жауапкершілігімен

_____ (азаматтық пиротехникалық заттар мен

_____ олар қолданылып жасалған

_____ бұйымдардың атауы және саны) _____ сатып алуға берілді.

Берілген күнінен бастап 12 ай мерзім ішінде жарамды

М.О.

Бастық _____ (Тегі, аты-жөні, қолы)

_____ Ескертпе.

Лицензия берген ішкі істер органында қалады.

_____ органының атауы)

200__ж. "___"_____

N_____ лицензияның телнұсқасы

_____ (заңды тұлғаның, филиалдың

_____ өкілдіктің толық атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.

_____ олардың заңды мекен-жайы)

_____ (Т.А.Ә., жеке куәлігінің немесе төлқұжатының сериясы,

_____ нөмірі, кім және қашан берді) _____ дербес жауапкершілігімен

_____ (азаматтық пиротехникалық заттар мен

_____ олар қолданылып жасалған

_____ бұйымдардың атауы және саны) _____ сатып алуға берілді.

Берілген күнінен бастап 12 ай мерзім ішінде

жарамды

М.О.

Бастық _____ (Тегі, аты-жөні, қолы)

_____ Ескертпе. Сатып алушының қолында қалады. Пиротехникалық бұйымдарды сатып алған кезде сататын ұйым өткізілген пиротехникалық

200__ж. "___"_____

N_____ лицензия

_____ (заңды тұлғаның, филиалдың

_____ өкілдіктің толық атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.

_____ олардың заңды мекен-жайы)

_____ (Т.А.Ә., жеке куәлігінің немесе төлқұжатының сериясы,

_____ нөмірі, кім және қашан берді) _____ дербес жауапкершілігімен

_____ (азаматтық пиротехникалық заттар мен

_____ олар қолданылып жасалған

_____ бұйымдардың атауы және саны) _____ сатып алуға берілді.

Берілген күнінен бастап 12 ай мерзім ішінде

жарамды

М.О.

Бастық _____ (Тегі, аты-жөні, қолы)

_____ Ескертпе. Сататын ұйымда қалады. Өткізілген пиротехникалық бұйымның атауы мен екінші жағына саны

			бұйымның атауы мен екінші жағына саны толтырылады.	толтырылады.			
Пиротехникалық бұйымның атауы	Саны		Шығаратын мемлекет	Пиротехникалық бұйымның атауы	Саны		Шығаратын мемлекет
	қорабы	дана			қорабы	дана	
20__ж."__"____ Сататын мөртабаны қолы)				20__ж."__"____ Сататын мөртабаны қолы)			
ұйымның ----- (жауапты адамның				ұйымның ----- (жауапты адамның			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 3 т а м ы з д а ғ ы
N 6 9 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары:

1. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары лицензия алуға үміткер жеке тұлғаның немесе заңды тұлға қызметкерінің пиротехникалық бұйымдарға рұқсаты болатын мәлімделген қызметті жүзеге асыруға байланысты теріс көрсеткіштерінің (психикалық ауруларының, алкоголизмнің немесе нашақорлықтың) жоқтығы

туралы медициналық анықтамаларының бар болуын қамтиды;

2. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеуге байланысты қызметті жүзеге асыру үшін:

1) лицензия алуға үміткер жеке тұлғаның, заңды тұлғаның пиротехникалық бұйымдарға рұқсат алатын басшысы мен оның орынбасарының қызметтің көрсетілген түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды бітіргендігі туралы куәліктерінің, тиісті Қауіпсіздік ережелерін білуі;

2) қызметтің көрсетілген түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды бітіргендігі туралы куәлігі бар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік ережелерін білуін білікті тексеруден өткен білікті мамандардың;

3) өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынатын өнімнің сақталуын, оны қатаң есепке алуды және бар-жоғын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы қоймалардың;

4) жасау, сақтау, тасымалдау, сату, пайдалану және кәдеге жарату кезінде өнімнің қауіпсіздігі мен тұтынушылық қасиеттерін қамтамасыз ету үшін қажетті толық ақпарат беруді қамтамасыз ететін конструкторлық-технологиялық және пайдалану құжаттамасы жиынтығының (сызба, техникалық жағдайлар, технологиялық үдеріс, пайдалану, (қолдану және тағы басқа) жөніндегі нұсқаулықтардың (ұсынымдардың);

5) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге арналған тіркелген зертханалық базаның;

6) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталуы және есепке алу жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуінің бар болуы қосымша талап етіледі.

3. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды жасауға байланысты қызметті жүзеге асыру үшін:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік ережелерін білуін білікті тексеруден өткен лицензия алуға үміткер жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның пиротехникалық бұйымдарға рұқсат алатын басшысы мен оның орынбасарының көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды бітіргендігі туралы куәлігінің;

2) көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды бітіргендігі туралы куәлігі бар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік ережелерін білуін білікті тексеруден өткен жабдықтарды, тетіктерді, құрылғыларды, жарақтарды, көлікті, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматиканы қауіпсіз пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін білікті мамандардың;

3) жасау, сақтау, тасымалдау, сату, пайдалану және кәдеге жарату кезінде өнімнің қауіпсіздігі мен тұтынушылық қасиеттерін қамтамасыз ету үшін қажетті толық ақпарат беруді қамтамасыз ететін конструкторлық-технологиялық және пайдалану құжаттамасы жиынтығының (сызбалар, техникалық жағдайлар, технологиялық үдіріс, пайдалану, (қолдану және тағы басқа) жөніндегі нұсқаулықтардың (ұсынымдардың);

4) пиротехникалық бұйымдарды жасауға, сақтауға және кәдеге жаратуға арналған және мыналарды:

белгіленген тәртіппен технологиялық операцияларды орындауға жіберілген технологиялық және көмекші жабдықтарды;

өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің сақталуын, қатаң есепке алуды және бар-жоғын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық бұйымдарды сақтауға арналған қойманы;

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге арналған тіркелген зертханалық базаны;

пиротехникалық бұйымдарды бақылау сынағынан өткізуге арналған арнайы жабдықталған аумақты;

пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған автокөлікті;

өртке қарсы қорғаныс құралдарын (өрт дабылдамасы мен өрт сөндіру), өртті сөндіру үшін қажетті өртке қарсы сумен жабдықтауды және арнайы құралдардың есептік қорын, өрт шыққан жағдайда персоналдың іс-әрекеттер жоспарын қамтитын белгіленген талаптарға жауап беретін меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік-техникалық базаның;

5) жұмысты қауіпсіз жасау жөніндегі нұсқаулықтардың, ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттардың;

б) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталуы және есепке алу жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуінің бар болуы қосымша талап етіледі.

4. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдаланумен, сатумен байланысты қызметті жүзеге асыру үшін:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік ережелерін білуін білікті тексеруден өткен лицензия алуға үміткер жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның пиротехникалық бұйымдарға рұқсат алатын басшысы мен оның қызметкерінің көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды бітіргендігі туралы куәлігінің;

2) өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің сақталуын, оны қатаң есепке алуды және бар-жоғын тексеру

мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық бұйымдарды сатуға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған үй-жай мен оларды сақтауға арналған қоймалардың;

3) пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған автокөліктің;

4) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуінің бар болуы қосымша талап етіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 3 т а м ы з д а ғ ы

№ 6 9 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Ескерту. Ереже Біліктілік талаппен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына:

1) толық сауалнамалық деректерді (кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағын), қаруды иелену үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қарсы көрсеткіштерінің болмауы туралы медициналық қорытындыларды қоса бере отырып, қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің;

2) соттылығының жоқтығы және қаруды қолдануда қауіпсіздік ережелерін білуін тексеру туралы анықтаманың;

3) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеуге және (немесе) жасауға және (немесе) жөндеуге және (немесе) сатуға және (немесе) коллекциялауға және (немесе) экспонаттауға лицензиялардың (осы қызметпен айналысатын заңды тұлғалар үшін);

4) күзет қызметіне арналған лицензиялардың (күзет қызметі субъектілері үшін);

5) банкноттар, ақшалар мен құндылықтарды инкассациялауға арналған лицензиялардың (инкассациямен айналысатын заңды тұлғалар үшін);

6) техникалық нығайту талаптарына жауап беретін және өрт-күзет дабылдамасы құралдарымен жабдықталған қару мен оның патрондарын сақтауға

және (немесе) сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жайдың;

7) қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрық көшірмесінің;

8) қару мен оның патрондарының ерекшеліктерін қоса бере отырып, оларды жеткізуге дайындаушы кәсіпорынмен шарт (келісімшарт) көшірмесінің (қаруды әкелетін заңды тұлғалар үшін);

9) жарақаттайтын патрондары бар қарудың көрсетілген қарудың зақым келтіру факторларының адамға әсер етуіне жол берілген белгіленген нормаларына сәйкес келуі туралы уәкілетті орган қорытындысының (қаруды сатуды жүзеге асыратын ұйымдар оны сатып алуға ниеттенген кезде);

10) осы Біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес аумақтық ішкі істер департаменттерімен және (немесе) Ішкі істер министрлігімен келісілген қолда бар және қажетті қару мен оның патрондары туралы мәліметтердің бар болуын қ а м т и д ы .

Ескертпе: Қазақстан Республикасының аумағында қару сатуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар арасында қаруды берген кезде азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын олардың түрлерін көрсете отырып, сатып алу-сату шарты (келісімшарты) көшірмелерінің бар болуы қажет.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

1 3

т а м ы з д а ғ ы

№

6 9 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Ереже Біліктілік талаппен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары :

1) лицензия алуға үміткер жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның қызметкерінің пиротехникалық бұйымдарға рұқсаты болатын мәлімделген қызметті жүзеге асыруға байланысты теріс көрсеткіштерінің (психикалық аурулардың, алкоголизмнің немесе нашақорлықтың) болмауы туралы медициналық анықтамаларының;

2) өтініш берушінің пиротехникалық бұйымдарды әзірлеу және (немесе) жасау және (немесе) сату және (немесе пайдалану) құқығына лицензиясының;

3) пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға және олардың сақталуына ж а у а п т ы а д а м н ы ң ;

4) өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің сақталуын, оны қатаң есепке алуды және бар-жоғын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық бұйымдарды өткізуге арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған үй-жай мен оларды сақтауға арналған қоймалардың;

5) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың ерекшеліктерін қоса бере отырып, оларды жеткізуге дайындаушы кәсіпорынмен шарт (келісімшарт) көшірмесінің бар болуын қамтиды;

б) әзірлеу, жасау, сату жөніндегі лицензиясы бар заңды тұлға немесе дара кәсіпкер сатып алуға лицензиясы бойынша пиротехникалық бұйымдарды сатып алады, ал 1-3 сыныпты қауіптілігі бар пиротехникалық бұйымдарды оларды сатып алуға лицензия талап етпей, халыққа еркін сатады.

А з а м а т т ы қ ж ә н е қ ы з м е т т і к
қ а р у м е н о ы ң п а т р о н д а р ы н
ә з і р л е у , ж а с а у , ж ө н д е у , с а т у ,
с а т ы п а л у , к о л л е к ц и я л а у ,
э к с п о н а т т а у ж ө н і н д е г і қ ы з м е т к е
қ о й ы л а т ы н б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы н а
қ о с ы м ш а

Ескерту. Ереже қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.15 N 1534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Келісілді

Келісілді

(П И М)

М . О .

20__жылғы " __ " _____

ҚОЛЫ

(П И Д (К)

М . О .

20__жылғы " __ " _____

ҚОЛЫ

Қару мен оның патрондарының қолда бары және қажетті саны туралы мәліметтер

1. _____

(заңды тұлғаның атауы, поштаның индексі, толық мекенжайы)

2. Қызмет түрі _____
3. Ішкі, сыртқы бекеттердің және ұтқыр топтардың саны (бөлек) _____
4. Ішкі, сыртқы бекеттер және ұтқыр топтар жеке құрамының саны (бөлек) _____

-
5. Қолда бар қару мен патрондардың саны:
- 5.1. жалғыз оқ атуға қайта жасалған автоматтар _____
- 5.2. винтовкалар, карабиндер _____
- 5.3. пистолеттер _____
- 5.4. тапаншалар _____
- 5.5. электр қаруы _____
- 5.6. мылтықтар _____

6. Патрондар _____
(әр қару түрі бойынша бөлек)

7. Жарамсыз ретінде тапсыруға жататын қару мен олардың патрондарының саны:
- 7.1. жалғыз оқ атуға қайта жасалған автоматтар _____
- 7.2. винтовкалар, карабиндер _____
- 7.3. пистолеттер _____
- 7.4. тапаншалар _____
- 7.5. электр қаруы _____
- 7.6. мылтықтар _____

8. Патрондар _____
(әр қару түрі бойынша бөлек)

9. Қажетті саны:
- 9.1. Атыс қаруы:
- 9.1.1. жалғыз оқ атуға қайта жасалған автоматтар _____
- 9.1.2. винтовкалар, карабиндер _____
- 9.1.3. пистолеттер _____
- 9.1.4. тапаншалар _____
- 9.1.5. электр қаруы _____
- 9.1.6. мылтықтар _____

9.2. Патрондар:

9.2.1. ортаймайтын қор _____
(әр қару түрі бойынша бөлек)

9.2.2. оқу-жаттығу атыстары _____
(әр қару түрі бойынша бөлек)

9.2.3. қаруды атып көру үшін _____
(әр қару түрі бойынша бөлек)

10. ауысымға (қарауылға) шығу үшін сатып алынатын патрондар саны: _____

11. Қару мен патрондардың қажетті санына мәліметтер _____

негізінде жасалды.

(тиесілік нормасының атауы, қашан және кім белгіледі)

М . О .

Заңды тұлға басшысының қолы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК